



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ тілі білімі кафедрасы  
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы  
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор




**Пән атауы: «Қазіргі қазақ тілінің  
морфологиясы және сөзжасамы»**




**Дәріс тақырыбы: Сын есім, лексика -  
грамматикалық сипаты**




## Қарастырылатын мәселелер:


- Сын есім және оның белгілері;
  - Сын есімнің семантикалық топтары;
  - Сын есімнің морфологиялық құрамы;
  - Сын есімнің жасалуы;
  - Сын есімнің шырайлары;
  - Сын есімнің субстантивтену процесі;
  - Сын есімнің синтаксистік қызметі.
- 




Сын есім — семантика-грамматикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктері мен сөз тудыру, сөз өзгерту амалының жүйесі жағынан да, синтаксистік қызметі мен қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі.

**Мысалы:** *Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын. (Абай) Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. (Әуезов)*





Сын есім деп заттың сипатын, сапасын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін) және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтамыз.



### **Сын есімнің белгілері:**

1. Егер жалғаулардың бірі сын есімге қосылса, онда ол заттанып, субстантивтеніп кетеді. Мысалы: Қызылға қонған қарғадай. (Халық әні) Ақтар мен қызылдардың алысып жатқан кезі еді. (Мұқанов) Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. (Абай)

2. Сын есімнің морфологиялық формалары, шырай жұрнақтары бар. Мысалы: Көкше көктен гөрі көгірек тау екен. (Мұқанов) Махамбет образы Исатайдың образынан өзгешерек. (Мүсірепов)

### **Сын есімнің белгілері:**

3. Түркі тілдерінде сын есімнің қап-қара, сап-сары тәрізді күшейтпелі формасы бар. Мысалы: жап-жас бала екен (Мұқанов) десек те, тап-тас екен деп айтуға тіпті болмайды.

4. Заттың сынын білдіре отырып, сын есім кейде қимылдың сынын көрсететін үстеумен астасып келеді. Бірақ сын есім үстеу қызметінде жұмсала отырып, өз мағынасын жоймайды, яғни соның өзінде де сын есім болып тұрады. Мысалы: жақсы бала жақсы оқиды дегенде бірінші жақсы бала деген зат есімнің сапасын анықтаса, екінші жақсы қимылдың сапасын білдіреді.





**Сын есім**

```
graph TD; A([Сын есім]) --> B[Қатыстық сын есім]; A --> C[Сапалық сын есім]
```

**Қатыстық сын есім**

**Сапалық сын есім**



## Сапалық сын есім

1. Қосымша формаларсыз-ақ тұрып, өзінің семантикасы жағынан тікелей заттың сынын білдіреді.

**Мысалы:** *қызыл, ақ, жақсы, жаман, ауыр, үлкен, нәзік, биік, т.б.*

2. Сапалық сын есімдерден арнаулы формалар арқылы шырай категориясы жасалады.

3. Сапалық сын есімдер – морфологиялық құрылымы жағынан негізгі сындар.


## Қатыстық сын есімдер

1. Белгілі бір заттың белгісін басқа бір заттың, істің қатысы арқылы білдіреді.
2. Көбіне-көп әр түрлі жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан – (есімдерден де, етістіктерден де) жасалатын туынды сөздер болады.


**Мысалы:** *қар-лы тау, тас-ты жер, күзгі, жазғы, сөзшең, бойшаң, т.б.*




# Сын есімнің морфологиялық құрамы




**Негізгі сын есімдер**, негізінен, *ақ, сары, биік, жұқа, жылы, ірі, кіші, жақсы, жаман* тәрізді сын есімдер болады, өйткені, бұл сөздер – қазір тиісті морфемаларға бөлшектенбейтін түбір сөздер.



**Туынды сын есімдер**, көбінесе, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған қатыстық сын есімдер болады. Мысалы: *уайымшыл, мақтаншақ, таулы, аудандық*.



# Сын есімнің шырайлары



## Салыстырмалы шырай


Бір заттың сынын я сапасын екінші заттың бір тектес белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің бір-бірінен я сәл кем, я артық екенін білдіретін сын есімнің туынды тұлғасы салыстырмалы шырай болады. Негізінен, **-рақ/-рек, -ырақ/-ірек** жұрнағы арқылы жасалады: қызылырақ, үлкенірек, жақсырақ.

Салыстырылатын зат я құбылыс шығыс септікте тұрып, одан кейін сын есімнің айтылуы арқылы да салыстырмалы шырай мағынасы беріледі: Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық, бәйге алмаған жүйріктен белі жуан бесті артық.



## Бәсең я шағын шырай

Бір белгінің өзімен тектес сапаның ішінде солғындығын, бәсеңдігін, шағындау реңкін білдіретін сын есімнің тұлғасы бәсең шырай болады. **Мысалы:** *жұмсақтау, жасылдау.*



## Бәсең шырайдың жасалуы

-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу	<i>Өзі ұзындау, өзі бейқамдау Әбзи деген жолдасымыз бар еді. (Мүсірепов)</i>
-ҒЫЛТ, -ҒЫЛТЫМ, -ҒЫШ, -ілдір, -іЛЖІМ	<i>сарғылт, ақшыл, бозғыл, көкшілтім</i>
-ШЫЛ/-шіл	<i>Оның көкшіл көзі Жібектің ішкі өзгерісін де байқап қалды. (Мұстафин)</i>
-ша/-ше, -аң/-ең, -қай	<i>ақша, құлаша, сұрша, жұқалаң, қоңырқай, сұрқай</i>
-ҒЫШ	<i>тек сары деген сын есімге жалғанады: сарғыш</i>





## Күшейтпелі шырай

Заттың бастапқы сапа, сындық белгісін күшейте түсетін сын есімнің туынды тұлғасы күшейтпелі шырай болады.

**Мысалы:** *қып-қызыл, сап-сары, жап-жақсы.*



## Асырмалы шырай

Сапаның, заттық белгінің бастапқы сындық қасиетін я тіпті асыра көтеріп, я тым төмендетіп көрсететін сын есімнің туынды тұлғасы асырмалы шырай болып саналады.

Бұл шырайдың бір ерекшелігі негізгі кейде туынды сын есімдердің алдына күшейтпелі мағынадағы аса, өте, ең, тым, тіпті тәрізді үстеу сөздер тіркесу арқылы жасалады.

**Мысалы:** *Таудың жолы тым қиын, тым биік екен.*


*(Мұқанов)*

Нәрселердің сынын көрсететін сөздерді сын есім дейміз. Сын 2 түрлі **1) тек сыны, 2) сыр сыны.**

<b>Тек сыны</b>	<b>Сыр сыны</b>
Нәрсенің тегін көрсетеді.	Нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін яғни түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді.
<i>Ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ, мақта жіп.</i>	<i>Биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, тоқ, аш, шебер, шорқақ, ұста, олақ, ақ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл, бұрыл, тентек, жуас, момын, қу, аңқау.</i>



### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
  2. «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология». – Алматы, 1967.
  3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
  4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
  5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 240 бет.
- 



**Назарларыңызға рақмет!**